	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.02-2023
		30.11.2023
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	бет. 1 - 16

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ  
ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы

2023 ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылы №\_4\_\_хаттама, № 4 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** № 3 баспаның орнына «28» 08.2020 ж.
- 4.МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

## Мазмұны

1. Қолдану саласы .....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Пайдаланылған қысқартулар.....	5
4. Терминдер мен анықтамалар.....	5
5. Жалпы ережелер .....	8
6. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу тәртібі.....	8
7. Білім алушылардың үлгеріміне аралық бақылау жүргізу тәртібі.....	9
Келісім парағы.....	11
Қосымша 1.....	12
Қосымша 2.....	13
Танысу парағы.....	14

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ  
Ғылыми кеңесінің шешімімен  
бекітілді «30» қараша 2023 жыл  
№4 хаттама

## 1. Қолдану саласы


- 1) ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ-де білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу туралы ереже (бұдан әрі-ереже) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттауды жүргізу жөніндегі жұмыстың тәртібі мен ұйымдастырылуын белгілейді.
- 2) Осы Ереженің талаптары ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі - Академия) барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.
- 3) Осы Ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйелеріне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талап етуі бойынша) басқа тұлғаларға ұсынылуға жатпайды.
- 4) Осы ереже Академияның мемлекеттік тапсырыс бойынша және ақылы негізде білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу рәсімін регламенттейді.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- 1) Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III "Білім туралы" Заңы;
- 2) "Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы ережені" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысын енгізу туралы;
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
- 4) Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- 5) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту» туралы 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы.



	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5-19

7). ҚР МАМ " Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы " РММ жарғысы;

8). ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының" РММ студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережелері",

9) ҚР МАМ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы "РММ 2023-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы

### **3.Пайдаланылған қысқартулар.**

**ҚР ҒЖБМ** - Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі

**ҚР МАМ** - Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі

**МЖМС**- мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

**ББ** - Білім беру бағдарламасы

**ЖОЖ**-Жеке оқу жоспары

**ОЖЖ** – Оқу жұмыс жоспары

**ҚА**- Қорытынды аттестация

**КЕ**- Кешенді емтихан

**GPA**-Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average)

**ОТ**-Офис тіркеуші

### **4.Терминдер мен анықтамалар**

1) **академиялық кезең**– (Term) (терм) - білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі:семестр, триместр, тоқсан;

2) **академиялық кредит** - білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

3) **Академиялық күнтізбе** - (Academic Calendar) (академик күнтізбе) – демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі);

4) **білім алушының академиялық рейтингі - (Rating) (ретинг)** - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының пәндердің және (немесе) модульдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

5) **бакалавриат**- кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

6) **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**- халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін баллдардағы білім деңгейін бағалау жүйесі;



ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі);

6) **білім алушының академиялық рейтингі - (Rating) (ретинг)** – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының пәндердің және (немесе) модульдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші

7) **бакалавриат**- кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

8) **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**- халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін баллдардағы білім деңгейін бағалау жүйесі;

9) **дескрипторлар (descriptors (дескрипторлар))** – оқыту нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеуді аяқтағаннан кейін білім алушылардың алған білімінің, машықтарының, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттау;

10) **дипломдық жұмыс** – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті проблеманы студенттің (бұдан әрі-студент) өз бетінше зерделеуі нәтижелерін қорытуды білдіретін бітіру жұмысы;

11) **дипломдық жоба** – жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттердің өз бетінше шешімін білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

12) **жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ)** - білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әрбір оқу жылына өзі дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

13) **кредиттік оқыту технологиясы** – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді таңдауы және оларды өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту;

14) **модуль** - білім алушылардың алған білімдері, біліктері, дағдылары, құзыреттері және бағалаудың барабар критерийлері нақты тұжырымдалған білім беру бағдарламасының дербес, оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған құрылымдық элементі;

15) **модульдік оқыту** – білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

16) **білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау** - академиялық кезең ішінде сабақ кестесіне және (немесе) кестесіне сәйкес оқытушы жүргізетін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын жүйелі түрде тексеру;



17) **транскрипт - (Transcript)** - дипломға қосымша болып табылатын және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті оқу кезеңінде өткен пәндердің тізбесі бар құжат;

18) **оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ)** - білім беру бағдарламалары мен студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО-лар дербес әзірлейтін оқу құжаты;

19) **үлгерімнің орташа балы** – (Grade Point Average – GPA) – аралық аттестаттау пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттауды бағалау балдарының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы ретінде таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылы ішінде айқындалатын білім алушының оқу жетістіктерін орташа өлшемді бағалау;

20) **элективті пәндер** – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

21) **емтихан сессиясы** - білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі

22) **білім алушылардың оқу жетістіктері** – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері;

23) **білім алушыларды қорытынды аттестаттау - (Qualification Examination)** – тиісті деңгейдің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және оқу қызметінің өзге де түрлерін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім білім беру;

## **5. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже академияда білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау өткізу жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және білім беру бағдарламаларын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі.

3. Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін білім алушылардың білімін бақылаудың мынадай түрлері көзделген:

- ағымдағы бақылау,
- аралық бақылау,
- Қорытынды бақылау (емтихан).

## **6. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізу тәртібі**

4. Ағымдағы бақылау - бұл білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексеру, оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылауды қамтиды.



5. Ағымдағы бақылау бағалары силлабус пәніне сәйкес LMS MOODLE жүйесіне кіру журналында қойылады. Рұқсат беру рейтингісінің бағасы аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы ағымдағы бақылау бағаларынан және аралық бақылау бағаларынан құралады.

6. Аралық бақылау (АБ) бір оқу пәні аясында бір академиялық кезең ішінде екі рет өткізіледі. Аралық бақылау бағалары "PLATONUS" жүйесінің аралық бақылау тізімдемесіне қойылады. Аралық бақылау кезінде (АБ 1) білім алушының семестрдің алғашқы 7 аптасындағы үлгерімі бағаланады. Екінші аралық бақылау кезінде (АБ 2) семестрдің 8 –15 аптасынан бастап үлгерімі бағаланады.

7. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

8. Академияда білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру қойылымдар, концерттер, көрмелер, көрсетілімдер т.б. түрінде жүзеге асырылады.

9. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды өткізу тәртібін білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес оларды осы Ереженің № 1 қосымшада келтірілген нысан бойынша дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS (иситиэс) ауыстыра отырып айқындайды.

### **7. Білім алушылардың үлгеріміне аралық бақылау жүргізу тәртібі**

10. Академияда білім алушыларды аралық аттестаттау академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына (ОЖЖ) сәйкес және МЖМС негізінде әзірленген оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

11. Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан түрінде өтеді: жазбаша (эссе, рецензия, экспликация), ауызша (билетпен), тест түрінде тапсырады және шығармашылық емтихандар (спектакльдерді, қойылымдарды, концерттерді, көрмелерді, көрсетілімдерді), кәсіптік практика бойынша есептерді міндетті түрде баға қоя отырып тапсыру емтихан сессиясы кезінде өткізіледі.

12. Әрбір оқу пәні бойынша емтихан нысанын кафедралар айқындайды және факультеттің Ғылыми кеңесінде қаралады, Академияның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

13. Білім алушыларды аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) ұйымдастыруды және өткізуді Академияның офис-тіркеушісі жүзеге асырады.

14. Білім алушы емтихан сессиясына дәлелді себептермен (наукастануы бойынша, баланың туылуына, жақын туыстарының қайтыс болуына, оқу іссапарына байланысты) келмеген жағдайда, растайтын құжаттарды ұсынған кезде факультет деканы ректордың бұйрығымен бекітілген оларды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

15. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша Академияның офис-тіркеушісі білім алушылардың академиялық рейтингін жасайды.

16. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттаудың қорытындыларын шығару кезінде емтиханда алынған баға және академиялық кезең ішіндегі үлгерімді



ағымдағы бақылау бағаларының орташа балы (жіберу рейтингісінің бағасы) ескеріледі.

17. Аралық аттестаттаудың оң бағасы тиісті оқу пәні бойынша белгіленген көлемде игерілген кредиттерді есепке алу үшін негіз болады және білім алушының транскриптіне жазылады.

18. "FX" "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған кезде оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайта өтпей-ақ ЖОО-ның Академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір рет қана қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

19. "F" бағасына сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

20. Транскриптке FX және F бағаларын қоса алғанда, қорытынды бағаны көрсете отырып, білім алушы оқыған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

21. Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны жоғарылату мақсатында оны аралық аттестаттаудың осы кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

22. Қорытынды бақылаудың оң бағасын қайта тапсыру осы Ереженің 25-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Білім алушылар емтихандарды бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына және пәндердің оқу бағдарламаларына (модульдерге) қатаң сәйкестікте тапсырады.

24. Білім алушылар қажет болған жағдайда қосымша оқу түрлерінің пәндері бойынша емтихандар тапсырады, оларды тапсыру нәтижелері емтихан ведомосына және транскриптке жазылады.

25. Емтиханды "қанағаттанарлықсыз" бағадан оң бағаға қайта тапсыру немесе үлгерімнің орташа балын (GPA) жоғарылату үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша оқу жұмыс жоспарында көзделген барлық оқу сабақтарына қайта қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады.

Бұл жағдайда білім алушы қайтадан оқу пәніне жазылу рәсімінен өтеді.

26. Қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға береді.

27. Емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) кезеңінде Академия Ректорының бұйрығымен біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оның негізінде емтихан ведомосы жасалады.

29. Емтихан сессияларының қорытындысы бойынша (қысқы, көктемгі және жазғы семестр нәтижелері) академияның офис-тіркеушісі білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы ретінде ауысу балын есептейді.

30. Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессияларының қорытындылары негізінде студенттерді курстан курсқа ауыстыру жүзеге асырылады. Білім



алушыны курстан курсқа ауыстыру үшін Академияда курс бөлінісінде GPA баллы белгіленген:

- бірінші курстан екінші курсқа – 2,00 балл;
- екінші курстан үшінші курсқа – 2,33 балл;
- үшінші курстан төртінші және бесінші курсқа – 2,67 балл;
- магистратура бойынша: бірінші курстан екінші курсқа – 2,67 балл;
- докторантура бойынша: бірінші курстан екінші курсқа – 2,67 балл; екінші курстан үшінші курсқа – 2,67 балл;

31. Ауысу балының ең төменгі шамасын жинаған білім алушылар академияның офис-тіркеушісі мен факультет, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі деканының ұсынысы негізінде академия ректорының бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады.

32. Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ өту балының ең төменгі шамасын жинай алмаған білім алушыға өзінің үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқуға және олар бойынша емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

33. Жазғы семестрде ауысу балының ең төменгі шамасын ала алмаған білім алушы академиялық үлгермегені үшін студенттер қатарынан шығарылады.

34. Белгіленген ауысу балына қол жеткізген және келесі курсқа ауыстырылған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушы академиялық берешегі болған кезде оны ақылы негізде жояды, бұл ретте мемлекеттік тапсырыс бойынша орнын сақтайды.

35. Емтиханды қайта тапсырудың оң нәтижесі болған кезде қорытынды баға қайтадан есептеледі, ол емтихан ведомосына және транскриптке жазылады.

36. Транскриптке емтихандарды қайта тапсырудың оң нәтижелерін қоса алғанда, білім алушының барлық қорытынды бағалары жазылады.

37. Емтихан нәтижелері мен оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады.

38. Академияның Офис-тіркеуші бөлімі білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелерінің тұрақты мониторингін және студенттер топтарындағы өту деңгейінен жоғары абсолюттік бағалардың нақты пайыздық бөлінуін көрсететін бағалау кестесіне сәйкес оларды талдауды жүргізеді.

39. Білім алушыға оқу пәндері (модульдер) және оқу жұмысының өзге де түрлері бойынша, сондай-ақ ББ зерделеу аяқталғаннан кейін академиялық кредиттер беру ол қол жеткізген оқыту нәтижелерін оң бағалау кезінде жүзеге асырылады.

40. Оқытудың алдыңғы деңгейлерінде және басқа да формальды білім беру ұйымдарында білім алушылардың қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағалары Академияның академиялық кредиттерін қайта есепке ала отырып танылады.

41. Білім алушылардың ресми және бейресми білім беруде алған барлық академиялық кредиттері мен қол жеткізген оқу нәтижелері өмір бойы жинақталады.



42. Жоғары білімді кадрларды даярлау жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ екінші жоғары білім алған кезде – жоғары білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады.










43. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасының базасында "кіруде" жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бейінінің техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес келген жағдайда формальді білім берудің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады және оқу мерзімі қысқартылады. Білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келмеген жағдайда оқыту жоғары білімнің толық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

44. Оқыту нәтижелері сәйкес болған жағдайда пререквизиттер ретінде алдыңғы формальды білім деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білімнің оқыту нәтижелері қайта есептелуі мүмкін.

45. Академиядан шығарылған білім алушыға Академия ректоры қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт жазылады.

46. Транскриптке қорытынды бақылау (емтихан) бойынша алынған FX және F бағалары "қанағаттанарлықсыз" баламасына сәйкес келетін барлық бағаларды көрсете отырып, білім алушы зерделеген барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер міндетті түрде жазылады.

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

<b>Әзірленді:</b>		
Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы		Турдалиева Б.К.
<b>Келісілді:</b>		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Халықов Қ.З.
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор		Ергөбек Ш.Қ.
Оқу-әдістемелік қызметтің басшысы		Джумадилова Ж.А.
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы		Кульшанова А.А.
Ішкі сапаны қамтамасыз ету және мониторинг қызметі		Маткерим Д.А.
Заң бөлімінің басшысы		Сейтбекова Г.Д.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.








## Қосымша 1

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент балл	%-тік мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

## Танысу парағы

Қызметі	Қолы	Т.А.Ә.
Театр өнері факультетінің деканы		Кульсеитова М.А.
Өнертану факультетінің деканы		Жақсылықова М.Б.
Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы		Байділда Б.Н.
Кино және ТД факультетінің деканы		Бакеева М.Қ.
Хореография факультетінің деканы		Габбасова Г.Н.
Музыкалық өнер факультетінің деканы		Касимова З.М.
Компьютерлік технологиялар каф. меңгерушісі		Сатыбалдиева Ф.А.
Арт-менеджмент және продюсерлеу каф. меңгерушісі		Молдашева А.К.